

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КМ Бас директорының 13.01.2020 жылғы №2/1-20-НҚ бұйрығымен бекітілді

## **Қосымша білім беру ұйымдарында институционалды және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу жөніндегі жобасы жетекшісінің лауазымдық нұсқаулығы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы лауазымдық нұсқаулық «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» Коммерциялық емес мекемесінің (бұдан әрі – Агенттік) Қосымша білім беру ұйымдарында институционалды және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу жөніндегі жобасы жетекшісінің лауазымдық міндеттерін, құқықтарын және жауапкершілігін анықтайды.

2. Қосымша білім беру ұйымдарында институционалды және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу жөніндегі жобасы жетекшісін Агенттіктің Бас директоры қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген тәртіпте лауазымға тағайындайды және босатады.

3. Қосымша білім беру ұйымдарында институционалды және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу жөніндегі жобасы жетекшісі тікелей Агенттіктің Бас директорына бағынады.

4. Қосымша білім беру ұйымдарында институционалды және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу жөніндегі жобасы жетекшісі лауазымына магистр академиялық дәрежесіне ие, білім беру саласындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес, іс қағаздарын жүргізу негіздерін меңгерген тұлға тағайындалады.

5. Қосымша білім беру ұйымдарында институционалды және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу жөніндегі жобасы жетекшісі өз қызметінде төмендегілерді басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық актілерін;

2) Агенттіктің Бас директорының өкімдік құжаттарын;

3) ішкі еңбек тәртібінің ережелерін;

4) осы лауазымдық нұсқаулықты.

5. Қосымша білім беру ұйымдарында институционалды және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу жөніндегі жобасы жетекшісі төмендегілерді білуі тиіс:

1) Қазақстан Республикасының білім саласын реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

2) білім жүйесін дамытудың басым бағыттарын;

3) білім саласындағы мемлекеттік саясатты;

- 4) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, ұлттық біліктіліктер жүйесін;
  - 5) білім беру ұйымдарын аккредиттеу ережелерін;
  - 6) білім беру ұйымдарында аккредиттеуді ұйымдастыру және жүргізу бойынша талаптар;
  - 7) Агенттіктің сыртқы сараптау комиссиясы туралы қағидасын;
  - 8) Агенттіктің жарғысын, оның қызметін реттейтін басшылықтың бұйрықтарын және өкімдерін және осы лауазымдық нұсқаулықты;
  - 9) Агенттіктің стандарттарын жетілдіру бойынша нұсқаулықты;
  - 10) Сараптау кеңестері туралы қағиданы;
  - 11) Агенттіктің сарапшылық қызметін реттеу бойынша қағиданы;
  - 12) ESG стандарттары мен ұсынылымдарын;
  - 13) Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) ЖОО-нан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын/білім беру ұйымдарын институционалды, мамандандырылған және бастапқы институционалды және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын;
  - 14) ESG стандарттары негізіндегі халықаралық аккредиттеу стандарттарын;
  - 15) білім беру ұйымдарын аккредиттеу процесіндегі сыртқы сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу бойынша нұсқаулықты;
  - 16) білім беру бағдарламаларына/білім беру ұйымдарына өзін-өзі бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықты;
6. Жоба жетекшісі Word, Excel, Power Point және Интернет компьютер бағдарламаларымен жұмыс істеу машықтарын меңгеруі тиіс.
7. Жоба жетекшісі өндірістік қажеттіліктерге байланысты қызметтік іссапарларға шығуы мүмкін.

## 2. Лауазымдық міндеттері

Қосымша білім беру ұйымдарында институционалды және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу жөніндегі жобасы жетекшісі міндетті:

- 1) қосымша білім беру ұйымдарын институционалды және мамандандырылған аккредиттеу бойынша шараларды жоспарлау және жүзеге асыруға;
- 2) өзіне жүктелген міндеттердің уақытылы және сапалы орындалуына бақылауды жүзеге асыруға;
- 3) Агенттік басшылығының тапсырмаларының, бақылау құжаттарының уақытылы орындалуын қамтамасыз етуге;
- 4) жобаның Жұмыс кестесін әзірлеуге: білім беру ұйымдарына сыртқы сараптау комиссиясының баруына;
- 5) семинарлардың өткізілулері, есептердің рецензиялануы кестелерін жасауға;
- 6) білім беру ұйымдарын және білім бағдарламаларын аккредиттеуге қатысты ішкі нормативтік-құқықтық базаны әзірлеуге қатысуға;
- 7) институционалды және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын

әзірлеуге қатысуға;

8) қосымша білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы әдістемелік және анықтамалық материалдарын әзірлеуге;

9) білім беру ұйымдарында өзін-өзі бағалау және сапаны ішкі бағалау бойынша үйретуші семинарларды ұйымдастыруға;

10) институционалды және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде сыртқы бағалау рәсімін жүргізу бойынша сарапшыларға арналған үйретуші семинарларды ұйымдастыру және өткізу;

11) сыртқы сараптау комиссияларының құрамдарының қалыптастырылуын үйлестіруге;

12) білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау жөніндегі есептерін рецензиялауға;

13) Агенттіктің бақылаушыларынан, олар үйлестіруді іске асыратын ұйымдар бойынша қажетті ақпаратты сұрауға;

14) қосымша білім беру бойынша шетелдік және ұлттық сарапшылардың деректері базасын қалыптастыруға жәрдемдесуге;

15) Агенттіктің қызметінің болашақтағы және ағымдағы жоспарларын дайындауға қатысуға;

16) институционалды және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде Сыртқы сараптау комиссиясының жұмысына бақылаушы ретінде қатысуға;

17) Сыртқы сараптау комиссиясының баруын жүзеге асыру бойынша құжаттардың толық топтамасын дайындауға;

18) аккредиттелген білім беру ұйымдарының деректер базасына қажетті материалдарды беруге;

19) білім беру ұйымдарын/білім бағдарламаларын аккредиттеу туралы ақпаратты дайындауға;

20) білім беру ұйымдарынан статистикалық деректерді алуға арналған нысанды тексеруге және Агенттіктің басшылығына бекітуге ұсынуға;

21) білім беру ұйымдарын және білім бағдарламаларын аккредиттеудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қосымша білім беру жүйесінің қалпына және даму үдерісіне талдауды жүзеге асыру;

22) материалдарды дайындауға және Агенттіктің веб-сайтында тұрақты түрде жариялауға;

23) Агенттік басшылығының өзге де тапсырмаларын орындауға.

### **3. Құқықтары**

Қосымша білім беру ұйымдарында институционалды және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу жөніндегі жобасы жетекшісі құқылы:

1) Агенттіктің басшылығынан лауазымдық қызметін орындау үшін қажетті ақпараттарды (өкімдерді, бұйрықтарды), әдістемелік, нормативтік және өзге де нұсқаушылық материалдарын алуға;

2) Агенттіктің жиналыстарына қатысуға;

3) Агенттіктің қызметіне қатысты Бас директордың шешімдерінің жобаларымен танысуға;

4) Бас директордың тапсырмасы бойынша білім беру ұйымдарынан, жұмыс берушілерден, қоғамдық бірлестіктерден және т.б. ақпарат сұрауға;

5) Агенттіктің басшылығының қарастыруына, өзінің құзыретіне қатысты проблемалар бойынша аналитикалық есептер және қызметтік жазбалар ұсынуға;

6) білім сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша семинарларға, конференцияларға, оның ішінде халықаралық қатысуға;

7) білім сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша жұмыс топтарына қатысуға;

8) біліктілігін арттыруға.

#### **4. Жауапкершілік**

Қосымша білім беру ұйымдарында институционалды және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу жөніндегі жобасы жетекшісі:

1) осы лауазымдық нұсқаулықпен көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны (лайықты орындамағаны) үшін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасымен анықталған шектерде;

2) басшылыққа құжаттарды уақытылы ұсынбағаны, олардың сақталуын қамтамасыз етпегені;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасымен анықталған шектерде – материалдық шығын келтіргені;

4) өзіне бекітілген материалдық-техникалық қорларды тиімсіз және немқұрайлы пайдаланғаны;

5) қызметтік әдепті және еңбек тәртібін сақтамағаны;

6) құпия қызметтік ақпаратты жариялағаны үшін жауапты.